

Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 416 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 16098 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 330) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау

банкiне қосу және ресми жариялау үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 қарашадағы
№ 416 бұйрығымен
бекітілген

Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 330) тармақшасына сәйкес сәйкес әзірленген және жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу тәртібін айқындайды.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – Заң) 15-4-бабының 1-тармағына сәйкес жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) электр станцияларының негізгі генерациялайтын жабдығына, сондай-ақ қосалқы жабдығына қатысты жасалады.

Қосалқы жабдыққа арналған шығындар негізгі генерациялайтын жабдықтың шығындарымен ғана жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілген қызметке арналған жеке тарифке енгізіледі және негізгі өндіруші жабдық құнының отыз пайызынан аспайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) балдардың сәйкес келуі - осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес уәкілетті орган жүзеге асыратын балдарды қою нәтижелері бойынша бір мезгілде екі немесе одан да көп инвестициялық бағдарламалардың жинайтын балдары санының мәні;

2) жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасы – жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту бағдарламасы, оның іс-шаралары жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) бір электр станциясының негізгі генерациялайтын қондырғысын сондай-ақ қосалқы жабдығына қамтиды;

3) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім – уәкілетті орган жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) электр станцияларын жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен жасасатын және жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған бір немесе бірнеше инвестициялық бағдарламаларды қамтитын келісім;

4) жобаны дайындау және іске асырудың жоспар-графигі (бұдан әрі – Жоспар-график) – есепті көрсеткіштерді айқындайтын және іздестіру, логистикалық, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын іске асыру мерзімдерін көздейтін, энергия өндіруші ұйымның бірінші басшысы бекітетін инвестициялық келісімді іске асырудың егжей-тегжейлі графигі;

5) жыл сайынғы қажетті қайтару деңгейі – энергия өндіруші ұйымның жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға инвестициялық салымдарды қайтару үшін қажетті жыл сайынғы жылдық табысы, ол электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф мәнінің және осы инвестициялық бағдарламаның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі мәнінің, сондай-ақ айлармен көрсетілген жыл ұзақтығы мәнінің көбейтіндісімен айқындалады;

6) инвестициялық бағдарламаға қаржылық аудит – мамандандырылған аккредиттелген ұйым жүргізетін рәсім, оны жүргізгеннен кейін Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес келетін және энергия өндіруші ұйымның кредит төлеу қабілеттілігін, инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың орындылығы мен талап етілетін көлемін талдауды қамтитын аудиторлық қорытынды жасалады;

7) негізгі генерациялайтын жабдық – қазандық қондырғы, турбиналық қондырғы және электр генераторы;

8) рұқсат етілген көлем – 2015 жылғы инвестиция көлемінің 700 (жеті жүз) пайызының және алдыңғы кезеңдерде (жылдарда) жасасқан жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған қолданыстағы инвестициялық келісімдердің жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту инвестициялық бағдарламалары бойынша қажетті жыл сайынғы қайтару деңгейі сомасының айырмасы;

9) техникалық аудит – мамандандырылған аккредиттелген ұйым жүргізетін рәсім, оны жүргізгеннен кейін жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың оңтайлы схемасын, тозу және өнімділік динамикасын анықтауды, техникалық орындылығын талдауды, жобаны іске асыру үшін тиісті инфрақұрылымның және қажетті отын қорларының болуын қамтитын аудиторлық қорытынды жасалады.

10) уәкілетті орган - электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) 2015 жылғы инвестициялар көлемі - 2015 жылы энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органмен келісімдер шеңберінде салған инвестицияларының (амортизациялық аударымдар есебінен жасалған инвестицияларды қоспағанда) жиынтық көлемі;

12) қосалқы жабдық – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өздеріне қатысты инвестициялық келісім жасалатын, жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың

жұмыс істеп тұрған (бар) электр станцияларының тізбесі мен қосалқы жабдықтарына қойылатын талаптарға сәйкес келетін жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасы шеңберінде белгіленетін немесе іске асырылатын жабдық және (немесе) іс-шара;

13) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған жеке тариф – генерациялайтын қондырғыларды жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға уәкілетті орган мен энергия өндіруші ұйым арасында жасалған инвестициялық келісім негізінде айқындалған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып, шетел валютасында тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайынғы индекстелуге тиіс тариф.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.03.2026 № 107-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2- тарау. Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу тәртібі

3. Уәкілетті органмен жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасуға ниет білдіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар Жоспар-графикпен және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларының (бұдан әрі – инвестициялық бағдарламалар) негізгі параметрлері туралы ақпаратпен бірге инвестициялық бағдарламаларды қағаз және электрондық жеткізгіштерде Нарық кеңесіне жолдайды.

Сондай-ақ Нарық кеңесіне инвестициялық бағдарламалармен бірге осы инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу барысында жүргізілген тәуелсіз техникалық және қаржылық аудиттердің қорытындылары және инвестициялық бағдарламаны беру сәтінде өзекті болып табылатын жабдық өндіруші зауыттардың және/немесе ЕРС (Engineering procurement construction) мердігерлерінің кемінде үш коммерциялық ұсынысы немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы

1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 10722 болып тіркелген) бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілетін мемлекеттік ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысымен жобалау құжаттамасы (техникалық-экономикалық негіздемелер / жобалау-сметалық құжаттама) енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Нарық кеңесі осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес енгізілген әрбір инвестициялық бағдарлама бойынша жеке онда қамтылған құжаттар мен мәліметтердің толық болуын, Заңның 15-4-бабының талаптарына және осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген қарауға жіберу өлшемшарттарына сәйкес келуін тексереді және оның іске асырылуының орындылығы немесе орынсыздығы, құны мен іске асыру мерзімінің негізділігі туралы ұсыным дайындайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Нарық Кеңесінің іске асырудың орындылығы туралы ұсынымын алған инвестициялық бағдарламалар уәкілетті органның қарауына жіберіледі.

Нарық кеңесі уәкілетті органның қарауына жіберілген инвестициялық бағдарламаларды, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның негізгі параметрлері туралы ақпаратты және оларға сәйкес келетін Нарық кеңесінің іске асыру орындылығы туралы ұсынымын инвестициялық бағдарлама Нарық кеңесіне енгізілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға енгізеді.

Нарық Кеңесінің іске асырудың орындылығы туралы ұсынымын алмаған инвестициялық бағдарламалар бойынша қорытындылар уәкілетті органға мәлімет үшін енгізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Нарық кеңесі уәкілетті органға қарауға жіберілген және жіберілмеген инвестициялық бағдарламалардың тізімін Нарық кеңесіне қарауға келіп түскен инвестициялық бағдарлама құжаттарының топтамасымен бірге инвестициялық

бағдарлама Нарық кеңесінің қарауына келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3- тарау. Инвестициялық бағдарламаларды қарау және іріктеу тәртібі

7. Уәкілетті орган қарауға жіберілген инвестициялық бағдарламаларды қарау барысында бір мезгілде мына іріктеу өлшемшарттарды басшылыққа алады:

1) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф (бұдан әрі – жеке тариф);

2) электр станциясының типі.

8. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган қарастырылатын әрбір инвестициялық бағдарламаға іріктеу өлшемшарттары бойынша балл қояды.

9. Балл қойғаннан кейін уәкілетті орган жиналған балдардың азаюы тәртібінде инвестициялық бағдарламалардың сараланған тізімін құрастырады:

максималды балл жинаған инвестициялық бағдарламадан минималды балл жинаған инвестициялық бағдарламаға дейін.

Бұл ретте, егер осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырған балдардың нәтижесі бойынша балдардың сәйкестігі бар болса, онда әрбір сәйкестік балл шеңберінде сараланған тізімді құру барысында тиісті инвестициялық бағдарламаларға қосымша саралау жүргізіледі.

Осы қосымша саралау осы инвестициялық бағдарламалардың жеке тариф мәндері бойынша олардың мәндерінің артуы тәртібінде жүзеге асырылады: максималды инвестициялық бағдарламаның жеке тариф мәнінен минималды инвестициялық бағдарламаның жеке тариф мәніне дейін.

10. Сараланған тізім құрылғаннан кейін уәкілетті орган сараланған тізім бойынша осы инвестициялық бағдарламалардың олардың тиісті жыл сайынғы қайтару деңгейімен кезекпен арту тәртібінде кезекпен қоса отырып, қаралатын инвестициялық бағдарламалардың қажетті жыл сайынғы қайтарылым деңгейінің сомасын есептейді. Жыл сайынғы қажетті қайтару деңгейінің сомасы рұқсат етілген көлемнен аспайтын инвестициялық бағдарламалар іріктелген деп танылады.

11. Инвестициялық бағдарламалары іріктелген болып танылатын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарға қатысты уәкілетті орган олармен келісімдер жасасу туралы шешім қабылдайды, келісімдерге іріктелген тиісті инвестициялық бағдарламалар енгізіледі.

12. Келісім жасасатын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың тізімін және алдыңғы кезеңдерде жасасқан барлық қолданыстағы Келісімдер мен осы Келісімдердің жыл сайынғы қажетті қайтару деңгейінің сомасын уәкілетті орган өзінің

интернет-ресурсында Нарық кеңесі уәкілетті органға қарауға жіберілген және жіберілмеген инвестициялық бағдарламалар тізімін жариялаған күннен бастап күнтізбелік қырық күннен кешіктірмей жариялайды.

4-тарау. Пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдерді жасасу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Келісімдерді жасасу

13. Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланған тізімдерге қосылған жұмыс ітеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті Келісімдерге жарияланған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органмен қол қояды.

14. Келісімдерге енгізілген инвестициялық бағдарламалар Келісімдерге қосымшалармен ресімделеді.

15. Келісімдерде бекітілген жеке тарифтер, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке қызмет көлемі (бұдан әрі – қызмет көлемі) және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі (бұдан әрі – қызметті сатып алу мерзімі) ұлғайту жағына қарай түзетуге жатпайды.

2-параграф. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдерді оңайлатылған тәртіпте жасасу

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Уәкілетті органмен келісімдер жасасқан және шекті тарифтің инвестициялық құрамдасынан басқа шығын көзі айтарлықтай қосымша сыртқы қаржыландыру (кредиттер, қарыздар), сондай-ақ кредиттер (қарыздар), даму бағдарламаларына енгізілген, жергілікті атқарушы органдар бекіткен жобалар бойынша бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі қарызын қайта қаржыландыру және өтеу мақсатында алынған өзгелей ақша қаражаты болып табылған электр энергиясына шекті тарифтер бағдарламасының қолданылу кезеңіндегі 2009-2015 жылдар аралығында ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асырған энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органмен оңайлатылған тәртіппен жеке инвестициялық Келісімдер жасасады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдерді жасаудың оңайлатылған тәртібі 2018 жылдың 1 сәуіріне дейін тиісті энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органға мына материалдар мен ақпаратты ұсынған жағдайда, инвестициялық бағдарламаларды уәкілетті органға қарауға жіберместен және рұқсат беру мен іріктеу рәсімдерін өтпестен осы Келісімдердің жасалуын білдіреді:

1) 2009-2015 жылдар аралығындағы кезеңде оны (оларды) сатып алуға (жүзеге асыруға) қосымша сыртқы қаржыландыру (кредиттер, қарыздар) тартылған объектінің (объектілердің) пайдалануға енгізу актісі (актілері);

2) 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өтелмеген қарыздардың болуын растайтын құжаттар;

3) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған тиісті инвестициялық жеке келісімді жасасу үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қарыздар және объектілер туралы қажетті ақпарат.

Кредиттер (қарыздар), даму бағдарламаларына енгізілген, жергілікті атқарушы органдар бекіткен жобалар бойынша бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі қарызын қайта қаржыландыру және өтеу мақсатында алынған өзгелей ақша тартқан энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық жеке келісімдерді жасаудың оңайлатылған тәртібі 2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тиісті энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органға мына материалдар мен ақпаратты ұсынған жағдайда, инвестициялық бағдарламаларды уәкілетті органға қарауға жіберместен және рұқсат беру мен іріктеу рәсімдерін өтпестен осы Келісімдердің жасалуын білдіреді:

1) 2009-2015 жылдар аралығындағы кезеңде жергілікті атқарушы органдар бекіткен даму бағдарламаларына енгізілген жобалар бойынша бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі борышын қайта қаржыландыру және өтеу мақсаттары үшін алынған өзге де ақша, кредиттер (қарыздар) тартқан энергия өндіруші ұйымдардың объектісін (объектілерін) пайдалануға беру актісі (актілері);

2) уәкілетті органға ақпарат берілген күнгі жағдай бойынша өтелмеген қарыздардың болуын растайтын құжаттар;

3) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған тиісті жеке инвестициялық келісімді жасасу үшін осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыздар және объектілер туралы қажетті ақпарат.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Оңайлатылған тәртіпте жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдер жасасатын энергия өндіруші ұйымдардың тізімін уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында уәкілетті органға осы Қағидалардың 17-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген материалдарды және ақпаратты ұсынған күннен бастап күнтізбелік қырық күннен кешіктірмейтін мерзімде жариялайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланған тізімге енгізілген энергия өндіруші ұйымдар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке келісімдерге жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке келісімдерде бекітілген жеке тарифтер, қызмет көлемі және қызметті сатып алу мерзімі ұлғайту жағына қарай түзетуге жатпайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Оңайлатылған тәртіпте электр станциялары бойынша пайдалануға енгізілген жеке инвестициялық келісімдерді жасасу

Ескерту. 4-тарау 3-параграфпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-1. Құрылысына 2015 жылға дейін қарыздық қаржыландыру (кредиттер, қарыздар), сондай-ақ нысаналы мақсаты электр станциясының құрылысын қаржыландыру болатын бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі борышын қайта қаржыландыру және өтеу мақсаттары үшін алынған кредиттер (қарыздар), өзге де ақша тартылған электр станциялары 2009-2015 жылдар аралығында пайдалануға берілген және уәкілетті органмен және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен инвестициялық шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдар уәкілетті органмен пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімдерді оңайлатылған тәртіппен жасасады.

20-2. Пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімдерді жасасудың оңайлатылған тәртібі 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейін мынадай материалдар мен ақпаратты ұсынған жағдайда, инвестициялық бағдарламаларды уәкілетті органға қарауға жіберместен және рұқсат беру мен іріктеу рәсімдерінен өтпестен осы Келісімдердің жасалуын білдіреді:

1) құрылысына осы Қағидалардың кредиттері, қарыздары, өзге де ақша (бұдан әрі - қарыздар) тартылған объектіні (объектілерді) пайдалануға беру актісін (актілерін);

2) уәкілетті органға ақпаратты ұсыну күніне төленбеген қарыздардың болуын растайтын құжаттарды;

3) тиісті жеке инвестициялық келісімді жасасу үшін пайдалануға берілген электр станциялары бойынша осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген қарыздар мен объектілер туралы қажетті ақпаратты.

20-3. Уәкілетті орган пайдалануға енгізілген электр станциялары бойынша оңайлатылған тәртіпте жеке инвестициялық келісімдерді жасасатын энергия өндіруші ұйымдардың тізімін өзінің интернет-ресурсында осы Қағидалардың 20-2-тармағында көрсетілген материалдарды және ақпаратты уәкілетті органға ұсынған күннен бастап күнтізбелік қырық күннен кешіктірмейтін мерзімде жариялайды.

20-4. Осы Қағидалардың 20-3-тармағына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланған тізімге енгізілген энергия өндіруші ұйымдар көрсетілген осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органмен пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімдерге жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

20-5. Пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімдерде белгіленген жеке тарифтер, қызмет көлемдері және қызметтерді сатып алу мерзімдері ұлғайту жағына қарай түзетуге жатпайды.

5- тарау. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттар жасасу тәртібі және осы шарттар үшін жеке тарифтерді, көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу

21. Заңның 15-4-бабының 7-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес уәкілетті орган жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен Келісім жасағаннан кейін бірыңғай сатып алушы осы энергия өндіруші ұйыммен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф бойынша уәкілетті орган белгілеген көлемде және мерзімдерге электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады.

Уәкілетті орган жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйыммен оңайлатылған тәртіпте жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімді, пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімді жасағаннан кейін бірыңғай сатып алушы осы энергия

өндіруші ұйыммен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф бойынша уәкілетті орган белгілеген көлемде және мерзімдерге электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу тиісті жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімге, пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімге қол қойылған күннен бастап тоқсан күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт үшін жеке тарифтерді, көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін тиісті жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімге, пайдалануға берілген электр станциялары бойынша жеке инвестициялық келісімге сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Уәкілетті органмен Келісім жасасқан энергия өндіруші ұйым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруін ескере отырып, шетел валютасында тартылған шетел валютасымен қарыздық қаржыландыру көлеміне жеке тарифті индекстеуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) жыл сайын 5 қазаннан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға жібереді.

Өтінім уәкілетті органға осы есеп айырысу бойынша қаржы көрсеткіштерінің құжаттарын растайтын құжаттарды, тиісті есеп айырысуларды, энергия өндіруші ұйымның шетел валютасымен тартылған қарыздық қаржыландыруды қайтару бойынша шеккен шығындарын және Келісім шеңберінде Бірыңғай сатып алушыдан алынған кірістерді растайтын өтінім берілген жылдың алдыңғы жылындағы қаржылық есептілікті қоса бере отырып, қағаз және электрондық жеткізгіште жіберіледі.

Ескерту. 5-тарау 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымның генерациялайтын қондырғыларын жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту кезінде жеке тарифті жыл сайынғы индекстеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Келісімге қол қойылған күнінен бастап бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу басталғанға дейінгі шетел валютасында тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне ұлттық валютаның шетел валютасына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып, пайдалануға берілгенге дейінгі құрылыстың соңғы жылы мына формула бойынша:

$$T_{\text{енгізу}} = T_{\text{бекіту}} * \left(1 + \frac{\text{ШВ}_{\text{енгізу}} - \text{ШВ}_{\text{бекіту}}}{\text{ШВ}_{\text{бекіту}}}\right)$$

, мұнда

$T_{\text{енгізу}}$ – индекстелген жеке тариф, мың теңге/(МВт*ай);

$T_{\text{бекіту}}$ – Келісімде айқындалған жеке тариф, мың теңге/(МВт*ай);

$\text{ШВ}_{\text{енгізу}}$ – Келісім объектілері пайдалануға берілген және енгізілетін қуатты аттестаттаудан өткен жылдың алдындағы жылдың 1 қазанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен тартылған шетел валютасы бірлігінің құны;

$\text{ШВ}_{\text{бекіту}}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен тартылған шетел валютасы бірлігінің Келісімге қол қойылған күнгі құны;

2) Келісімде белгіленген бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімінің соңғы жылын қоспағанда, пайдалануға берілген жылдан кейін әрбір жылдан кейінгі жылына бір рет шетел валютасында тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне, мынадай формула бойынша:

$$T_{t+1} = T_t * \left(1 + \frac{\text{ШВ}_{t\text{рас}} - \text{ШВ}_t}{\text{ШВ}_t}\right) + \frac{\Delta_t}{12\text{мес} * P_{\text{атт}}}$$

, мұнда

T_{t+1} – индекстелген жеке тариф, мың теңге/(МВт*ай);

T_t – бұрын жүргізілген индекстеуді ескере отырып жеке тариф, мың теңге/(МВт*ай)

;

$\text{ШВ}_{t\text{рас}}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалатын, келесі индекстеу жылының алдындағы жылдың 1 қазанындағы тартылған шетел валютасының бірлігіне теңгенің нақты бағамы;

ШВ_t – алдыңғы индекстеу сәтінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалатын тартылған шетел валютасының бірлігіне теңгенің нақты бағамы;

12 ай – 12 ай;

Δ_t – бұрын индекстелген жеке тариф бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтен алынған кірістер мен Келісімді іске асыруды қаржыландыру бойынша төлемдерге нақты жұмсалған шығыстар арасындағы нақты айырма, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta_t = W_{\text{шығысВЗ}} - \sum T_t * P_{\text{атт}}, \text{ мұнда}$$

$W_{\text{шығысВЗ}}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен шетел валютасында баламалы көрсетілген, Келісімді іске асыруды қаржыландыру төлемдеріне нақты жұмсалған шығыстардың сомасы, алдыңғы индекстеу сәтінен бастап ағымдағы индекстеуге беру сәтіне дейін.

Сوما тиісті қаржылық құжаттамамен расталады (өтеу графигі, төлем шоттары, төлем тапсырмалары);

Ратт – бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке Келісімде және Шартта көрсетілген енгізілген объектінің МВт-дағы аттестатталған қуаты.

Келісім бойынша бірыңғай сатып алушыдан түсетін кірістердің сомасы тиісті қаржылық құжаттамамен (салыстыру актілері, шот-фактуралар) расталады.

Ескерту. 5-тарау 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Уәкілетті орган өтінім негізді болған кезде жеке тарифтің және Келісім бойынша қайтару сомасының өзгерістерін ескере отырып, 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде энергия өндіруші ұйыммен қосымша келісім жасасады.

Ескерту. 5-тарау 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес, уәкілетті органмен қосымша келісім жасасқан энергия өндіруші ұйым оны бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған шартқа қосымша келісім жасасу үшін уәкілетті органмен қосымша келісімге сәйкес жеке тарифті, ай сайынғы және жыл сайынғы қайтару сомаларын тиісті өзгертуге қосымша келісім жасалған күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай сатып алушыға жібереді.

Бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа тиісті жылдың 15 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде қосымша келісім жасасады.

Ескерту. 5-тарау 27-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына
1 - қосымша
Нысан

Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасының негізгі параметрлері туралы ақпарат

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Инвестициялық бағдарламаның шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралармен қамтылатын электр станциясының атауы (атауы көрсетіледі).

2. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы жалпы ақпарат*.

№	Іс-шара атауы	Іс-шараның басталу мерзімі (айы, жылы)	Іс-шараның аяқталу мерзімі (айы, жылы)	Құны, (млн. теңге)	Енгізілетін негізгі генерациялайтын жабдықтың техникалық параметрлері	
					Белгіленген электр қуаты, (МВт)	Белгіленген жылу қуаты, (Гкал/сағ)
1	2	3	4	5	6	7
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясының негізгі генерациялайтын жабдығын жаңасына айырбастау						
1.						

2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясының алдында пайдаланудан шығарылған негізгі генерациялайтын жабдығын қалпына келтіру						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясындағы қосымша негізгі генерациялайтын жабдығын енгізу (кеңейту)						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (қолданыстағы) электр станциясының қосалқы жабдықтарын ауыстыру***						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (қолданыстағы) электр станциясының бұрын пайдаланудан шығарылған қосалқы жабдықтарын қалпына келтіру***						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (қолданыстағы) электр станциясында қосымша қосалқы жабдықты енгізу (кеңейту)**						
*						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (қолданыстағы) электр станциясының іс-шаралары***						

Ескертпе:

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері ондықтарға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** – электр станциясының номиналды жұмыс режимінде;

*** – тек 5-қосымшаға сәйкес.

Қосалқы жабдықтар және (немесе) іс-шаралар болмаған кезде толтырылмайды.

3. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру алдында және кейінгі кезеңде электр станциясының параметрлері туралы ақпарат (атауы көрсетіледі) *

№	Белгіленген қуаты		Орташа жылдық қолда бар қуат		Шартты отынның босатуға бөлінген үлестік шығыны**	
	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/сағ)	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/сағ)	Электр энергиясының (гвт/кВтсағ)	Жылу энергиясының (кгвт/Гкал)
1	2	3	4	5	6	7
Инвестициялық бағдарламаны іске асырғанға дейін						
1.						

Инвестициялық бағдарламаны іске асырғаннан кейін						
2.						

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі;

** - электр станциясының номиналды жұмыс режимінде

4. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде электр станциясына (атауын көрсету) салынған инвестициялық салымдарды қайтару туралы ақпарат *.

№	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, мың теңге / (МВт * ай)	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі, МВт	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі, жыл	Қажетті жыл сайынғы қайтару деңгейі, мың теңге/жыл **
1	2	3	4	5
1.				

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оннан бір бөлігіне дейін дәлдікпен көрсетіледі.

** - жаңадан енгізілген/қалпына келтірілген жабдықтан амортизациялық аударымдардың сомасы инвестициялық салымдарды қайтару көлемінде ескеріледі.

Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына
2-қосымша

Қарауға жіберу өлшемшарттары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасыны мынадай іс-шараның бірін немесе бірнеше түрін қамтиды:

1) жаңа және ауыстырылатын, сондай-ақ қосалқы жабдығына қарағанда техникалық-технологиялық параметрлері жоғары болып табылатын енгізілетін жабдықты монтаждау жұмыстары басталған уақытқа электр станциясының ауыстыру жоспарланған негізгі генерациялайтын жабдығы тағайындалған жеке ресурстың кемінде 100 (жүз) пайызын өндірген жағдайда жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясының негізгі жұмыс істеп тұрған генерациялайтын жабдығын жаңасына айырбастау;

2) енгізілген жабдық жаңа және қолданыстағы жабдыққа қарағанда техникалық және технологиялық параметрлері жоғары болған жағдайда бұдан бұрын қолданыстан шығарылған негізгі генерациялайтын жабдықты, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясының қосалқы жабдығын қалпына келтіру;

3) енгізілетін жабдық жаңа және қолданыстағы жабдыққа қарағанда техникалық және технологиялық көрсеткіштері жоғары болған жағдайда қосымша негізгі генерациялайтын жабдықты, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциясында қосалқы жабдықты енгізу (кеңейту);

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 416 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16098 болып тіркелген) "Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларының" 1-қосымшасына сәйкес және Нарық кеңесінің қарауына енгізілетін инвестициялық бағдарламада көрсетілген, ал ондағы кестелер параметрлерінің сандық мәндері ондықтарға дейінгі дәлдікпен көрсетілетін ақпаратқа сәйкес нысан бойынша ресімделетін жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламасының негізгі параметрлері туралы ақпарат.

Жаңғыртудың, кеңейтудің,
реконструкциялаудың және
(немесе) жаңартудың
инвестициялық

бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына
3-қосымша

Іріктеу өлшемшарттары бойынша баллдар

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с№	Өлшемшарт атауы	Өлшемшарттың мөлшерлігія	Мәні	Балл	Өлшемшарт салмағы
1	2	3	4	5	6
1	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф	%*	50,0 ÷ 200,0	5,0	0,6
			200,1 и 300,0	4,5	
			300,1 и 400,0	4,0	
			400,1 и 500,0	3,5	
			500,1 и 600,0	3,0	
			600,1 и 700,0	2,5	
			700,1 и 800,0	2,0	
			800,1 и 900,0	1,5	
			900,1 и 1000,0	1,0	
		1000,1 и более	0,5		
Өлшемшарт бойынша қорытынды балл өлшемшарт бойынша балл мен өлшемшарт салмағының көбейтіндісіне тең					
2	Электр станциясының түрі**	-	ЖЭО	5,0	0,4
			БГЭС	4,0	
			ГЭС, ГТЭС	3,0	
			КЭС	2,0	
			ГПЭС	1,0	

Өлшемшарт бойынша қорытынды балл өлшемшарт бойынша балл мен өлшемшарт салмағының көбейтіндісіне тең

3	Жергілікті қамту үлесі***	%	81,0÷100,0	5,0	0,4
			61,0÷80,0	4,0	
			41,0÷60,0	3,0	
			21,0÷40,0	2,0	
			10,0÷20,0	1,0	

Өлшемшарт бойынша қорытынды балл өлшемшарт бойынша балл мен өлшемшарт салмағының көбейтіндісіне тең

Ескертпе:

* – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 465 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11850 болып тіркелген) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тариф мәнінің пайызы;

** – ЖЭО – жылу электр орталығы, ГЭС – гидроэлектр станциясы, КЭС – конденсациялық электр станциясы, БГЭС – бу-газды электр станциясы, ГТЭС – газ турбиналық электр станциясы, ГПЭС – газ поршеньді электр станциясы.

*** – инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде қолданылатын қазақстандық өндірістің тауарларының, жұмыстарының және көрсетілетін қызметтерінің үлесі.

Жаңғыртудың, кеңейтудің,
реконструкциялаудың және
(немесе) жаңартудың
инвестициялық
бағдарламаларын қарауға
жіберу, оларды қарау және
іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге,
реконструкциялауға және
(немесе) жаңартуға арналған
инвестициялық келісімдерді
жасасу, электр қуатының
әзірлігін ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметті сатып алу
туралы шарттарды тиісінше
жасасуды және осы шарттар
үшін электр қуатының әзірлігін
ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметке жеке
тарифтерді, электр қуатының
әзірлігін ұстап тұру
бойынша көрсетілетін қызметті
сатып алу көлемдері мен
мерзімдерін белгілеу
қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім/ Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық жеке келісім/ Пайдалануға берілген электр станциясы бойынша инвестициялық жеке келісім

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 26.07.2019 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 04.05.2023 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____ " ____ " _____ 20 ____ ж.
(қол қою қаласы) (жасасу күні)
Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын

(мемлекеттік органның атауы)
тұлғасында _____

(уәкілетті адамның Т.А.Ә., лауазымы) _____ негізінде әрекет ететін,
(ереже немесе бұйрық)
бұдан әрі "Уәкілетті орган" деп аталатын және
(энергия өндіруші ұйымның атауы) _____ тұлғасында

(уәкілетті адамның Т.А.Ә., лауазымы) _____ негізінде әрекет ететін,
(жарғы немесе сенімхат)

бұдан әрі "Энергия өндіруші ұйым" деп аталатын екінші тараптан "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім/ жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық жеке келісім/ пайдалануға берілген электр станциясы бойынша инвестициялық жеке келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

1. Келісімде мына түсініктемелер пайдаланылады:

1) Қарыздар:

2009 - 2015 жылдар аралығында электр энергиясына арналған тарифтер бағдарламасының қолданылуы кезеңінде ауқымды инвестициялық бағдарламаларды

іске асыру үшін уәкілетті органмен Келісім шеңберінде энергия өндіруші ұйымының шекті тарифтердің инвестициялық құрамдас бөлігінен басқа тартылған айтарлықтай қосымша сыртқы қаржыландыру (кредиттер, қарыздар), сондай-ақ кредиттер (қарыздар), даму бағдарламаларына енгізілген, жергілікті атқарушы органдар бекіткен жобалар бойынша бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі қарызын қайта қаржыландыру және өтеу мақсатында алынған өзгелей ақша қаражаты;

2009-2015 жылдар аралығында пайдалануға берілген электр станцияларының құрылысы үшін 2015 жылға дейін тартылған қарыздық қаржыландыру (кредиттер, қарыздар), сондай-ақ уәкілетті органмен және табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен инвестициялық шартқа отырған энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының құрылысын қаржыландыруға мақсатты түрде бөлінген, бұрын тартылған міндеттемелердің негізгі қарызын қайта қаржыландыру және өтеу мақсатында алынған өзгелей ақша қаражаты, кредиттер (қарыздар);

2) Объектілер - Қарыздар олардың сатып алынуына (іске асыруына) тартылған объектілер

2. Келісім жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаласын (бағдарламаларын) жүзеге асыру бойынша Келісім Тараптарының міндеттемелері мен құқықтарын қарастырады.

3. Энергия өндіруші ұйым:

1) осы Келісімге 1-қосымшаға және Жоспар-графикке сәйкес жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаның (бағдарламалардың) іс-шараларын іске асыруға;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тәуелсіз энергетикалық сараптамамен расталған, осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге (индикаторларға) қол жеткізу туралы есепті уәкілетті органға ұсынуға;

3) тоқсан сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-шы күніне дейін өзінің интернет-ресурсында және энергетиканың цифрлық платформасында растайтын құжаттарды (шарттар, орындалған жұмыстар актілері, қабылдау-тапсыру актілері, шот-фактуралар және т.б.) жариялай отырып, Жоспар-графиктің іске асырылуы туралы есепті орналастыруға міндеттенеді. Жобаны іске асыру процесінде мүдделі тараптардың қатысуымен тоқсанына бір рет жария тыңдаулар өткізуге міндеттенеді.

Осы Келісімнің 3-тармағының талаптары Заңның 15-4-бабының 9 және 9-1-тармақтары қолданылатын энергия өндіруші ұйымдарға қолданылмайды. Бұл ретте осы Келісімге 1-ші және 2-қосымшалар толтырылмайды.

4. Энергия өндіруші ұйымдар мыналарға:

1) Заңға және осы Келісімге сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ақы алуға;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 416 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16098 тіркелген) бекітілген Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруі ескеріле отырып тартылған шетел валютасындағы қарыздық қаржыландыру көлеміне жеке тарифті индекстеуге арналған өтінімді уәкілетті органға жіберуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісімге сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Уәкілетті орган мыналарға міндетті:

1) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық Келісім жасасқан жағдайда осы Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес;

келісімге енгізілген инвестициялық бағдарламалардың сол жылдарға сәйкес орташа өлшенген мәндерімен жеке тарифі ұсынылған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифі;

келісімге енгізілген барлық инвестициялық бағдарламалардың сол жылдарға сәйкес қызмет көлемі сомасы ұсынылған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызмет көлемін;

келісімге енгізілген инвестициялық бағдарламалардың барлық қызметті сатып алу мерзімі барынша көп ұсынылған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу мерзімін белгілеуге міндетті;

2) жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық жеке Келісім/пайдалануға берілген электр станциясы бойынша жеке инвестициялық келісім жасасқан жағдайда осы Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап өтелмеген қарыздар бойынша негізгі қарыздың жылдық төлемін жабу қажеттілігіне сүйене отырып есептелетін жылдар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұрумен байланысты көрсетілетін қызметке жеке тарифті;

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қайта қаржыландыру мақсатында алынған өтелмеген қарыздар бойынша негізгі қарыздың жылдық төлемін жабу қажеттілігіне сүйене отырып есептелген жылдар бойынша электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметіне жеке тариф/жылдар бойынша пайдалануға берілген электр станциялары бойынша электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметіне жеке тариф;

Объектілердің қолда бар электр қуатына тең жылдар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру қызметінің көлемі. Бұл ретте, егер осы Объектілер тек негізгі генерациялайтын жабдықты немесе негізгі генерациялайтын қондырғылардан басқа, электр энергиясының және (немесе) жылу өндірісінің технологиялық процесінің басқа да объектілерін қамтыса, жеке Келісім бойынша қызмет көлемі осы негізгі генераторлық жабдыққа сәйкес келетін электрлік қуаты болып табылады. Егер осы Объектілер негізгі генерациялайтын қондырғыны қамтымаса, жеке Келісім үшін қызмет көлемі осы объектілер пайдаланылған жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) электр станцияларының жалпы электрлік қуатын білдіреді;

энергия өндіруші ұйымның 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап өтелмеген қарыздары бойынша негізгі қарызды өтеу бойынша қалған мерзімінің ұзақтығымен анықталатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі;

энергия өндіруші ұйымның қайта қаржыландыру мақсаттары үшін алынған өтелмеген қарыздарының 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап негізгі қарызды өтеу бойынша қалған мерзімінің ұзақтығымен анықталатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі;

3) осы Келісім үшін әр жылға мына көрсеткіштер бойынша нысаналы индикаторлар белгілеуге міндетті: электр және (немесе) жылу энергиясын босатуға шартты отынның үлестік шығыстарының төмендеуі; қолда бар электр қуаты; негізгі генерациялайтын жабдықтың жұмыс істеу мерзімі; авариялылықтың төмендеуі; негізгі генерациялайтын жабдықтың тозу дәрежесінің төмендеуі; экологиялық көрсеткіштердің жақсаруы (зиянды заттар шығарындыларының төмендеуі).

6. Уәкілетті орган мыналарға:

1) осы Келісім бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды энергия өндіруші ұйымнан сұратуға және алуға;

2) Осы Келісіммен белгіленген нысаналы индикаторларға қол жеткізілмеген жағдайда, сондай-ақ осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық (инвестициялық) бағдарлама (бағдарламалар) іс-шараларының іске асырылу мерзімдері бұзылғанда осы Келісімді бұзуға не электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемі мен мерзімдерін жүйелік операторға хабардар ете отырып өзгертуге;

3) энергия өндіруші ұйым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша айқындалған ұлттық валютаның шетел валюталарына айырбастау бағамының өзгеруін ескере отырып, осы Келісімге Қағидаларға сәйкес қосымша келісім жасасу жолымен шетел валютасында тартылған қарыздық қаржыландыру көлеміне жеке тарифті индекстеуді жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісімге сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 01.10.2025 № 369-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Келісімде реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнаманы және азаматтық заңнаманы басшылыққа алады.

8. Келісім бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Дауларды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда мұндай даулар сот тәртібімен шешіледі.

9. Келісімнің ережелерін, Келісімді іске асыру процесінде кез келген Тарап алған немесе алған ақпарат Тараптардың шешімі бойынша құпиялылықты қамтамасыз етеді.

10. Тараптардың:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сот немесе құқық қорғау органдарының сұрау салуларына ақпарат берген;

2) ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық және өзге есептілікті алуға құқылы мемлекеттік органдарға берілетін жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты басқа Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.

11. Келісімге қол қойылған күн оның күшіне енген күні болып табылады.

12. Келісім ____ () жылға жасалды.

13. Тараптардың екі жақты келісім бойынша жазбаша нысанда қосымша келісімдер жасасу арқылы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

14. Барлық қосымша келісімдерге Тараптардың өкілетті өкілдері қол қояды.

15. Келісім бойынша кез келген хат алмасу төмендегі мекенжай бойынша жіберіледі
: Уәкілетті орган

Энергия өндіруші ұйым

16. Келісім:

1) қолданылу мерзімі аяқталған;

2) бұзылған жағдайда;

3) сот шешкен жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында, азаматтық заңнамасында және Келісімде көзделген өзге де жағдайларда қолданылуын тоқтатады.

17. Тараптардың заңды мәртебесінің немесе ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі Келісімнің қолданылуын тоқтатпайды және Тараптар Келісімді бұзуға, оны өзгертуге ниет білдірген не құқық нормалары оны қайта ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттер тиісті заңды мұрагерлерге өтеді. Бұл ретте Тараптар құқықтық мәртебесінің, орналасқан жерінің және өзге де деректемелерінің өзгергені туралы 3 күн мерзімде бірін-бірі жазбаша нысанда хабардар етеді.

18. Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде және бірдей заң күші бар екі түпнұсқа данада жасалды.

19. Энергия өндіруші ұйымның жауапкершілігі:

Энергия өндіруші ұйым Келісім бойынша міндіттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Уәкілетті орган:

Энергия өндіруші ұйым:

Жаңғыртуға,
реконструкциялауға, кеңейтуге
және (немесе) жаңартуға
арналған инвестициялық
келісімдер/ жаңғыртуға,
реконструкциялауға, кеңейтуге
және (немесе) жаңартуға
арналған жеке инвестициялық
келісімдер нысанына
1-қосымша
Нысан

Жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық бағдарламалар (әрбір инвестициялық бағдарламатөменде келтірілген нысанға сәйкес жеке ресімделеді)

№ ___ инвестициялық бағдарлама (бірліктерден бастап, реттік нөмірін көрсету қажет).

1. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралармен қамтылатын электр станциясының атауы (атауы көрсетіледі).

2. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы жалпы ақпарат*.

№	Іс-шара атауы	Іс-шараның басталу	Іс-шараның аяқталу	Құны, (млн. тенге)	Енгізілетін негізгі генерациялайтын жабдықтың техникалық параметрлері	

		мерзімі (айы, жылы)	мерзімі (айы, жылы)		Белгіленген электр қуаты, (МВт)	Белгіленген жылу қуаты, (Гкал/сағ)
1	2	3	4	5	6	7
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станцияның қолданыстағы негізгі генерациялайтын жабдығын айырбастау						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станцияның алдында пайдаланудан шығарылған негізгі генерациялайтын жабдығын қалпына келтіру						
1.						
2.						
...						
Жұмыс істеп тұрған (бар) электр станциядағы қосымша негізгі генерациялайтын жабдығын енгізу (кеңейту)						
1.						
2.						
...						

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі.

3. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру алдында және кейінгі кезеңде электр станциясының параметрлері туралы ақпарат (атауы көрсетіледі)*.

№	Белгіленген қуаты,		Орташа жылдық қолда бар қуат		Шартты отынның босатуға бөлінген үлестік шығыны**	
	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/с)	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/с)	Электр энергиясы (г.у.т./кВтс)	Жылу энергиясы (кг.у.т./Гкал)
1	2	3	4	5	6	7
Инвестициялық бағдарламаны іске асырғанға дейін						
1.						
Инвестициялық бағдарламаны іске асырғаннан кейін						
2.						

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі;

** - электр станциясының номиналды жұмыс режимінде.

4. Инвестициялық бағдарламаның бөлігі ретінде электр станциясына инвестицияларды қайтару туралы ақпарат (атауы көрсетіледі)*.

№	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін	Жыл сайынғы қажетті қайтарылым

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі;

** - аталған көрсеткіштер бойынша мақсатты индикаторлар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамаларының талаптарын ескере отырып қойылуы тиіс.

Жаңғыртуға,
реконструкциялауға, кеңейтуге
және (немесе) жаңартуға
арналған инвестициялық
келісімдер/ жаңғыртуға,
реконструкциялауға, кеңейтуге
және (немесе) жаңартуға
арналған жеке инвестициялық
келісімдер нысанына
3-қосымша

Жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдер/ жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және (немесе) жаңартуға арналған жеке инвестициялық келісімдер/Пайдалануға берілген электр станциясы бойынша жеке инвестициялық келісім бойынша электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметіне жеке тариф, электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметін сатып алу көлемі мен мерзімі*

№	Кезең, жыл	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, мың теңге/(МВт*айына)	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі, МВт	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі, жыл
1	2	3	4	5
1.				
...				
...				

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі;

Жаңғыртудың, кеңейтудің,
реконструкциялаудың және
(немесе) жаңартудың
инвестициялық
бағдарламаларын қарауға
жіберу, оларды қарау және
іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге,
реконструкциялауға және
(немесе) жаңартуға арналған
инвестициялық келісімдерді
жасасу, электр қуатының
әзірлігін ұстап тұру бойынша
көрсетілетін қызметті сатып алу

туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сағып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына 5-қосымша

Инвестициялық келісім жасалатын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың жұмыс істеп тұрған (бар) электр станцияларының қосалқы жабдықтарының тізбесі

Ескерту. Қағидалар 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с№	Жабдықтың атауы	Жұмыс түрі, іс-шаралар
1.	Түтін құбырлары	Реконструкциялау / салу / күрделі жөндеу
2.	Күл үйінділері	Қоршау бөгеттерін салу / реконструкциялау / салу
3.	Салқындату мұнаралары	Реконструкциялау / салу
4.	Айналымдағы су құбырлары	Реконструкциялау / салу
5.	Отын беру трактісі және көмір түсіру кешені	Реконструкциялау / салу
6.	ЕҚТ (ең үздік қол жетімді техникалар) немесе экологиялық іс-шаралар	Реконструкциялау / салу
7.	Ғимараттар мен құрылыстар	Бас ғимарат ғимаратын кеңейту
8.	Отын беру жабдығы	Вагон аударғышты қайта құру
9.	Сыртқы электрмен жабдықтау желілері	АТҚ (ашық тарату құрылғылары) кеңейту
10.	Газ инфрақұрылымы	Реконструкциялау / салу